

Көкпекті ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Абай облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2025 жылғы 15 қазандағы № 32-5/2 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Көкпекті аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Көкпекті ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының төрағасы

Т. Сарманов

Көкпекті аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 15 қазандағы
№ 32-5/2 шешіміне
қосымша

Көкпекті ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Жинақталу нормасы Жылына 1 тұрғынға м3	Есептік бірлігі	Қызметтердің құны ТБО (ҚҚС-сыз теңге)			Барлығы (ҚҚС-сыз теңге)	Барлығы (ҚҚС-мен теңге)
			Жинау және тасымалдау	Көму	Сұрыптау		
Жайлы үйлер	1,86	Б і р тұрғынға айына	322,87	100,12	-	422,99	473,75
Жайлы емес үйлер	1,91		331,55	102,81	-	434,36	486,48
Жеке және заңды тұлғалар үшін бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	-	1 м3	2083,06	645,93	-	2728,99	3 056,47

